

Нурғалиева Айман Калидуллаевнаның
6D011300- Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынған диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбы: «Жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері»

Зерттеудің мақсаты: Жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында студенттерді практикаға бағыттап оқытудың теориялық негіздерін нақтылау және әдістемесін жасау.

Зерттеудің міндеттері:

- биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытудың теориялық негізін айқындау;

- ЖОО-да биолог студенттерді педагогикалық практикаға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

- биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытудың оңтайландырылған оқу-әдістемесін дайындау;

- биолог студенттерді педагогикалық практикаға дайындау әдістемесін тәжірибелік-эксперимент арқылы тиімділігін анықтау және оқу процесінде пайдалану.

Зерттеу әдістері: теориялық: зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік ғылыми-теориялық, оқу-әдістемелік, философиялық, педагогикалық және әдіснамалық әдебиеттерді, бұрын орындалған диссертациялық зерттеулерді талдау, жинақтау, қорытындылау, нақтылау.

эмпирикалық: студенттерге сауалнама жүргізу, нормативті және оқу-әдістемелік құжаттарды талдау, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізу.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалары:

- «студенттердің практикалық дайындығы», «педагогикалық практика», «болашақ биология мұғалімдерін практикаға бағыттап оқыту», «мұғалімнің қасиеттері» ұғымдарын авторлық түсіндірудің жаңалығымен сипатталады. Алғаш рет «биолог студенттің кәсіби қасиеттері» ұғымының кеңейтілген тұжырымы берілді;

- биолог студенттердің педагогикалық практикаға бағытталған кәсіби даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылды. Болашақ биология пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің құрамындағы сапа мен қабілеттерді мотивациялық, әдіснамалық, әдістемелік, технологиялық, мазмұндық, бағалаушы-рефлексиялық компоненттерге топтауға және олардың өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік жасады;

- биолог студенттерді практикаға бағыттай отырып, оқытудың заманауи оқу-әдістемелік әдістемесі әзірленеді. Алғаш рет биолог студенттер үшін педагогикалық практиканың мазмұндық жүйесі ұсынылады. Педагогикалық практикадан өту барысында студенттерге дайындық деңгейлері бойынша

тапсырмаларды орындау сонымен, көп деңгейлі тапсырмалар биолог студенттердің дайындығын анықтап қана қоймай, сонымен қатар жалпы білім беретін мектептегі ерекше жағдайларды жеңуге көмектеседі;

- биолог студенттердің педагогикалық практикаға бағытталған кәсіби даярлығын қалыптастырудың әдістемесінің тиімділігі эксперимент жүзіндегі нәтижелері қорғауға ұсынылатын қағидаларының дұрыстығын растайды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

- биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытудың теориялық негіздерін талдау нәтижесі;

- биолог студенттердің педагогикалық практикаға бағытталған кәсіби даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылды.

- педагогикалық практиканы өткізудің мазмұндық жүйесі ұсынылды. Осылайша, мазмұндық жүйе негізінде педагогикалық практиканы өткізуге арналған оқу-әдістемелік нұсқаулық дайындалды.

- тәжірибелік-эксперименттік зерттеудің қорытындыларымен талдамалық жұмыс жүргізілген, алынған деректерге талдау жасалды.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығы:

- бірінші нәтиже *жаңа*, себебі зерттеу мәселесіне қатысты отандық, шет елдік педагогикалық, ғылыми-әдістемелік еңбектерді зерделеу нәтижесінде биолог студенттерді педагогикалық практикаға бағыттап оқытудың әдістемелік, теориялық негіздері айқындалып, қазіргі білім беру үдерісіне кіріктірудің мүмкіндіктері қарастырылды. Алынған нәтижелердің *маңыздылығы* биолог студенттерді практикаға бағыттап оқытудың теориялық негіздері айқындалып, болашақ маманның кәсіби қасиеттері туралы ғылыми түсініктер жүйеленді.

- екінші нәтиже *жаңа*, себебі педагогикалық білім беруді жаңғырту контекстінде биолог студенттердің педагогикалық практикаға бағытталған кәсіби даярлығын қалыптастырудың мақсаты, міндеттері, мазмұндық-технологиялық жүйесі, компоненттері айқындалды, оларға сәйкес бағалауда өлшем шарттары мен жоғары, орташа, төмен деңгейлер мен нәтижелері нақтыланған құрылымдық-мазмұндық моделі құрылды. Алынған нәтижелердің *маңыздылығы* ұсынылған құрылымдық - мазмұндық модель мамандар даярлаудың сапасын арттыру мүмкіндіктерінің жоспары ұсынылды.

- үшінші нәтиже *жаңа*, себебі биолог студенттердің кәсіби қалыптасуы арқылы педагогикалық практика тұрғыда шешуге мүмкіндік беретін оқу-әдістемелік нұсқаулықтың жасалуы. Алынған нәтижелердің *маңыздылығы* оқу-әдістемелік нұсқаулық арқылы педагогикалық практикаға дайындау әдістемесін қолданудың мүмкіндіктерін теориялық негіздеу.

- төртінші нәтиже *жаңа*, тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастырушы, бақылау кезеңдері жүргізілді. Алынған нәтижелердің *маңыздылығы* тәжірибелік-эксперименттің нәтижелері талданып, жалпыланып, нақтыланды.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы, ҚР мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың

Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдаулары жүзеге асырылып, білім беру ісінде субъективті идеяларымыздың қолданысқа түсуіне толықтай мүмкіндік беріп отыр. «Білімді ұлт» сапалы білім беру" ұлттық жобасы. Бұл жолдар ЖОО-да педагогтарды даярлаудың тұрақты дамуына септігін тигізетін бағдар ретінде қарастырылды.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесі (диссертация авторы жарияланымның жалпы көлемінен пайызбен өлшенген үлесі көрсетілген):

Scopus деректер қоры базасына кіретін басылымда:

1. Scientific and Methodological Basis of Practice-Oriented Training of Students-Biologists: A Case Study in Kazakhstan. Jurnal Pendidikan IPA Indonesia, Indonesian Journal of Science Education. Vol 11, № 1. (2022) Pp. 24-34.

ISSN: 2089-4392. (Co-authored by: D.Childibayev, S.Sagyndykova, M.N.A.Azman, G.Saparova) Докторанттың үлесі - 60%.

ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда:

2. Болашақ биолог-бакалаврларды кәсіби даярлауда педагогикалық практиканың ролі. Абай атындағы ҚазҰПУ. Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы Алматы. 2018 - №1 (57), Б.63-66, ISBN 1728-5496. (қосалқы автор Чилдибаев Ж.Б.) Докторанттың үлесі -80%;

3. «Биология» пәнін оқытудың дидактикалық ұстанымдары. ПМУ Хабаршысы. «Педагогика» сериясы Павлодар. № 4. 2018. Б.260-268, ISBN 1811-1831. (қосалқы авторлар Чилдибаев Ж.Б., Утешкалиева А.М.) Докторанттың үлесі -80%;

4. Роль педагогической практики в закреплении знаний студентов биологов. Абай атындағы ҚазҰПУ. Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы Алматы. – 2019. №2 (62), Б.162-165, ISBN 1728-5496. Докторанттың үлесі -100%;

5. Педагогикалық практика барысында студенттердің кәсіби - педагогикалық шеберлігін арттыру жолдары. «Қазақ білім академиясының баяндамалары» ғылыми журналы. Нұр-Сұлтан. 2019. №3, Б.66-73. (қосалқы автор Чилдибаев Ж.Б.) Докторанттың үлесі -80%;

6. Болашақ биолог мұғалімдерді әдістемелік дайындаудың педагогикалық негіздері. М.Өтемісов атындағы БҚМУ Хабаршысы. «Педагогика» сериясы Орал. 2019. № 4, Б.204-209, ISBN 1680-0761. (қосалқы автор Чилдибаев Ж.Б.) Докторанттың үлесі - 80%;

7. Биоэкологиялық мәдениет арқылы оқушыларда құзыреттілік қалыптастыру. Абай атындағы ҚазҰПУ. Хабаршысы. «Педагогика» сериясы Алматы.-2019. № 3 (63), ISBN 1728-5496. (қосалқы автор Чилдибаев Ж.Б., Үсенова Г.А.) Докторанттың үлесі -80%.

Алыс-жақын шетелдердегі халықаралық конференцияларында:

8. Формирование профессиональной компетентности будущего учителя биологии посредством педагогической практики в школе. Международная научно-практическая конференция «Биологическое и экологическое образование в школе и вузе: теория, методика, практика» Санкт-Петербург, РФ:

РГПУ имени А.И. Герцена. 2017. С.256-259, ISBN 978-5-4386-1175-2. (қосалқы автор Чилдибаев Ж.Б.) Докторанттың үлесі - 80%;

9. Педагогикалық жоғары оқу орнында студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндіктері. «XVIII Сәтбаев оқулары» Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен оқушылардың халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. ТОМ 14. Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ. 2018. Б.399-403, ISBN 978-601-238-827-5. (қосалқы авторлар Чилдибаев Ж.Б., Утешкалиева А.М.) Докторанттың үлесі - 80%;

10. «Биология» пәнінен зертханалық және практикалық сабақтарды өткізудің әдістемелік ерекшеліктері. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Жасыл экономиканы» дамыту жағдайындағы білім беру жүйесін экологияландырудың ғылыми тәсілдері атты халықаралық ғылыми-практикалық семинар материалдарының жинағы Астана. 2018. Б.161-164, ISBN 978-9965-31-994-5. (қосалқы автор Чилдибаев Ж.Б.) Докторанттың үлесі - 80%;

11. Педагогическая практика как условия становления профессиолизма будущих учителей биологов. Международная научно-практическое конференция на тему: «Перспективные направления исследований в методике обучения биологии и экологии» Спб, РФ: РГПУ имени А.И. Герцена. 2018. С.249-253, ISBN 978-5-4386-1175-2. (қосалқы автор Чилдибаев Ж.Б.) Докторанттың үлесі - 80%;

12. Профессионально-педагогическая подготовка студентов в педагогическом вузе. Международная научно-практическая конференция «Интеграция в преподавании предметов естественно-математического цикла, информатики и технологий. Реализация предметных концепций как методологическая основа обновления содержания образования» Тюменский областной государственный институт развития регионального образования Тюмень. 2018- №2 (40), С.11-12, ISBN2226-3802-0. Докторанттың үлесі - 100%;

13. Формирование готовности студентов к профессиональной деятельности. «Білім беру жүйесін модернизациялау: тенденциялар, проблемалар және перспективалар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы. 2019. Б.73-76, ISBN 978-601-270-416-7. (қосалқы автор Чилдибаев Ж.Б.) Докторанттың үлесі - 80%;

14. Оқушылардың ғылыми - зерттеушілік қабілетін қалыптастырудағы педагогикалық әдіс-тәсілдер. Абай атындағы ҚазҰПУ. «Экология және биоалуантүрлілікті сақтау» атты II Халықаралық ғылыми - практикалық конференция Алматы. 2019. Б.312-315, ISBN978-601-298-827-7. (қосалқы автор Чилдибаев Ж.Б.) Докторанттың үлесі - 80%;

15. Современные требования к практикоориентированному обучению будущих учителей биологии. Международная научно-практическая конференция «Перспективные направления исследований проблем биологического и экологического образования» СПб. РГПУ имени А.И.Герцена 2019. С.330-333, ISBN 978-5-4386-1175-2. Докторанттың үлесі - 100%;

16. Педагогикалық практика барысында студенттерде кездесетін қиындықтарды талдау. «Орта және жоғары мектептерде биологиялық және экологиялық білім берудің өзекті мәселелері (инновация және тәжірибе)» атты ғылыми-практикалық конференция Алматы. 2021. Б. 169-172, ISBN 978-601-353-071-0. Докторанттың үлесі - 100%;

17. The role of teaching practicum in the future biology teachers professional training International Practical Internet Conference 'Challenges of Science' 2021, Satbayev University Pp.61-66, ISBN 978-601-323-252-2. Докторанттың үлесі - 100%.

ҚР және жақын шетелдің ғылыми басылымдары.

18. Формирование организаторской компетентности у будущих педагогов -биологов в условиях инноваций Білім әлемінде, В мире Образования, In the world of Education. ҚР, Алматы - № 5, 2017. Б.3-6, ISBN 2307-5287.

(қосалқы автор Чилдибаев Ж.Б.) Докторанттың үлесі - 80%;

19. О подготовке будущих учителей биологии в процессе педагогической практики. Научно-методический журнал «Биология в школе» № 2 Москва, 2019. С.15-19, ISBN 0320-9660. (қосалқы автор Чилдибаев Ж.Б.) Докторанттың үлесі - 80%;

20. Оценивание качества профессиональной подготовки студентов-биологов в процессе педагогической практики. Научно - методический журнал «Биология в школе» № 3 Москва, 2019. С. 44-50, ISBN 0320-9660. (қосалқы автор Чилдибаев Ж.Б.) Докторанттың үлесі - 80%.

Оқу-әдістемелік нұсқаулық:

21. Педагогикалық практика өткізуге арналған оқу-әдістемелік нұсқаулық. (Биология профилі бойынша) ASU Press баспа орталығы, Атырау, 2019-34б. (қосалқы автор Чилдибаев Ж.Б.) Докторанттың үлесі - 80%.